

«Аяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі



«Педагог үшін бейімделу кезеңі» семинар практикум

Жауапты педагог-психолог
М.М. Укасова

2025-2026 оқу жылы

«Педагог үшін бейімделу кезеңі» семинар практикум

Максаты: Тәрбиешілердің бейімделу кезеңіндегі кәсіби құзыреттілігін арттыру, балалармен және ата-аналармен жұмыс істеудің тиімді әдістерін меңгеру.

1. Теориялық блок: «Кіші топтағы бейімделудің ерекшеліктері»

Бейімделу кезеңіндегі баланың жағдайын үш деңгейге бөліп қарастыруға болады:

- Жеңіл деңгей: 10–15 күн. Ұйқы мен тәбет тез қалпына келеді.
- Орташа деңгей: 15–30 күн. Бала ауырып қалуы мүмкін, көңіл-күйі тұрақсыз.
- Ауыр деңгей: 2 айдан жоғары. Психологиялық және физикалық денсаулығына зақым келуі мүмкін.

Маңызды: Тәрбиеші — бала үшін бейтаныс ортадағы «қауіпсіздік аралы». Сондықтан педагогтың дауыс ырғағы, қимыл-қозғалысы және сабырлылығы шешуші рөл атқарады.

2. Практикалық блок: «Тәрбиешінің қоржыны» (Ойын-жаттығулар)

А) «Күлімдеу терапиясы» жаттығуы

- Максаты: Танертен баланы қабылдау кезіндегі позитивті атмосфераны қалыптастыру.
- Тапсырма: Тәрбиешілер жұпқа бөлініп, бір-біріне сөзсіз, тек көзқарас пен күлімдеу арқылы «Мен саған қуаныштымын, мұнда қауіпсіз» деген хабарламаны жеткізуі тиіс.

Ә) «Сияқты сөмке» (Сенсорлық ойын)

- Қажетті заттар: Табиғи материалдар (жаңғақтар, пісте қабықтары, мақта, тегіс тастар).
- Әдісі: Бала жылаған сәтте назарын аудару үшін осы заттарды қолдану. Мысалы, пісте қабықтарын бір-біріне соғып дыбыс шығару немесе оларды құммен араластырып ойнау. Бұл тактильді сезімді оятып, стрессті төмендетеді.

Б) «Қоштасу ритуалы» (Ата-аналармен жұмыс)

- Тәрбиешілерге ата-аналарға кеңес беруді үйрету: «Терезеден қол бұлғау», «Сүйікті ойыншығын бірге қалдыру» немесе «Анасының иісі шығатын орамалды қалтасына салу».

3. Психологиялық релаксация: «Тәрбиешінің ресурстары»

Бейімделу кезеңінде тәрбиеші тез шаршайды. Өз-өзін қалпына келтіру үшін келесі әдістер ұсынылады:

- «Терең тыныс алу»: Мұрынмен 4 секунд дем алып, 4 секунд іштей тоқтап, 8 секунд ауызбен шығару.
- «Позитивті бейне»: Көзді жұмып, өзіңізді жақсы сезінетін жерді (теңіз жағасы, орман) 1 минут елестету.

4. Қорытынды және рефлексия

«Тілек шамы» тренингі: Тәрбиешілер шеңбер бойымен бір-біріне шам (немесе ойыншық) бере отырып, бейімделу кезеңінен сәтті өту үшін бір-біріне кәсіби кеңес немесе тілек айтады.

Тәрбиешілерге арналған жадынама (Тарату материалы):

1. Баланы ешқашан басқа баламен салыстырмаңыз.
2. Баланың деңгейіне түсіп (тізерлеп), көзіне қарап сөйлесіңіз.
3. Ата-анамен серіктес болыңыз (баланың үйдегі әдеттерін сұрап біліңіз).
4. Кіші топта «ертегі терапиясын» жиі қолданыңыз.

«Аяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі



«Аяна» ЖМДББМ директоры
Т. Рыбекова
2025ж

Семинар тақырыбы:
«Баланын сөйлеуін дамыту» семинар»

Жауапты: педагог-психолог
М.М. Уласова

2025-2026 оқу жылы

Семинар тақырыбы: «Баланың сөйлеуін дамыту»

Мақсаты: кіші топ ата-аналарына баланың сөйлеу тілін дамыту жолдары туралы түсінік беру, үй жағдайында қолданылатын тиімді әдістермен таныстыру.

Семинар барысы

Кіріспе

Құрметті ата-аналар!

Бала өмірінің алғашқы жылдары – оның тілінің, ойлауының, қарым-қатынасының қалыптасатын ең маңызды кезеңі. Баланың дұрыс, анық және еркін сөйлеуі оның болашақтағы оқуына, қоршаған ортамен байланысына және өз ойын жеткізе білуіне тікелей әсер етеді.

Сөйлеу тілі – баланың танымдық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Сондықтан баланың сөйлеуін дамытуда балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы өте маңызды.

Баланың сөйлеуін дамытуға не әсер етеді?

- ата-анамен күнделікті қарым-қатынас
- ересектердің дұрыс сөйлеу үлгісі
- кітап оқу
- ойын әрекеті
- саусақ моторикасының дамуы
- қоршаған ортамен танысу
- сұрақтарға жауап беру және диалог құру

Егер бала аз сөйлесе, сөздерді бұзып айтса немесе ойын жеткізе алмаса, оған көбірек көңіл бөліп, арнайы жаттығулар жасау қажет.

Үй жағдайында сөйлеуді дамыту жолдары

1. Баламен көбірек сөйлесу

Күнделікті тұрмыста:

- киінгенде
- серуендегенде
- тамақ ішкенде
- ойын кезінде

баламен сөйлесіп, заттардың атын атап, іс-әрекетті түсіндіріп отыру керек.

Мысалы:

«Қазір біз қызыл күртешені киеміз»

«Мынау үлкен доп, ал мынау кішкентай доп»

2. Кітап оқу

Қысқа ертегілер, тақпақтар, суретті кітаптар баланың сөздік қорын молайтады.

Оқығаннан кейін:

- «Бұл кім?»
- «Не істеп жатыр?»
- «Қандай түсті?»

деген сұрақтар қою өте пайдалы.

3. Саусақ ойындары

Ұсақ моторика мен сөйлеу бір-бірімен тығыз байланысты.

Мысалы:

- «Қуырмаш»
- «Саусақ санау»
- мозаика құрастыру

- ермексазбен жұмыс
- түйме салу, моншақ тізу

4. Тілдік ойындар

- «Не көрдін?»
- «Бұл не?»
- «Кім қалай дыбыстайды?»
- «Жалғастыр» ойыны

Мысалы:

Анасы: *Мысық «мяу» дейді, ал ит...?*

Бала: *«Ав-ав» дейді.*

5. Телефон мен теледидарды шектеу

Ұзақ уақыт гаджет қарау баланың сөйлеу белсенділігін төмендетеді. Оның орнына тірі қарым-қатынас әлдеқайда пайдалы.

Ата-аналарға кеңес

- Баланың сөзін бөлмеңіз
- Қате айтса, ұрыспай, дұрыс нұсқасын қайталаңыз
- Сабырлы болыңыз
- Баланы тыңдай біліңіз
- Жетістігін міндетті түрде мадақтаңыз

Ең бастысы – балаға махаббат пен көңіл бөлу.

Қорытынды

Баланың сөйлеуін дамыту – тек тәрбиешінің емес, ең алдымен ата-ананың міндеті. Бала ата-анасының сөзін тыңдап, қайталап, сол арқылы тіл үйренеді. Бүгінгі кішкентай қадам – ертеңгі үлкен нәтиже. Баланызбен көбірек сөйлесіңіз, бірге ойнаңыз, бірге оқыңыз! Сонда балаңыздың тілі де, ойы да, болашағы да жарқын болады.



Айяны ЖМДБМ директоры

KT Pichayorns

10



Жауаптылар: Адушева А.М.
Укасова М.М.

«Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені беруде жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану» тренингі

Қатысушылар: педагогтар, тәрбиешілер

Форматы: тренинг, топтық жұмыс, ойын, жағдаят

Мақсаты: ұлттық тәрбиені заманауи тәсілдер арқылы бала тұлғасына тиімді сіңіру жолдарын меңгерту.

Міндеттері:

- ұлттық тәрбиенің мәнін түсіндіру
- жаңа әдіс-тәсілдермен жұмыс жасауға бағыт беру
- қатысушылардың шығармашылық және педагогикалық көзқарасын дамыту
- тәжірибе алмасу арқылы нақты құралдар ұсыну

ТРЕНИНГ БАРЫСЫ

1) Кіріспе бөлім

Жүргізуші сөзі:

«Ұлттық тәрбие – баланың мінезін, болмысын, рухын қалыптастыратын ең негізгі құндылық. Бүгін біз оны жаңа әдістер арқылы қалай тиімді береміз – соны тәжірибе жүзінде жасап көреміз».

Психологиялық ахуал: «Ұлттық құндылық шеңбері»

Қатысушылар шеңберге тұрады.

Нұсқау:

Әр қатысушы: аты + бір ұлттық құндылық айтады.

Мысалы:

- «Майра – құрмет»
- «Айжан – мейірім»
- «Ерлан – адалдық»

Мақсаты: топты жақындату, құндылықтарды ойға салу.

Негізгі бөлім: «Жаңа әдіс-тәсілдер қоржыны»

Жүргізуші қысқаша түсіндіреді (презентация болса тиімді):

Жаңа әдістер:

1. Storytelling (ертегімен тәрбиелеу)
2. Театрландыру және рөлдік ойын
3. Жобалық әдіс (жоба/көрме/тәжірибе)
4. STEAM + ұлттық мазмұн (макет, құрастыру)
5. QR/бейне/цифрлық тапсырмалар
6. Ұлттық ойындарды заманауи форматта қолдану

«Ұлттық тәрбие – жаңа форматта»

1. Ойын технологиясы

Тапсырма:

1 ұлттық ойын таңдап, қай қасиеттің дамытатынын дәлелдеңіз.

(бірақ, төзімділік, батылдық, шашаңдық)

2. Ертегі/театр әдісі

Тапсырма:

1 ертегі не мақал бойынша мини-сахна немесе тәрбиелік талдау жасаңыз.

Қорытынды

Жүргізуші сөзі:

«Ұлттық тәрбие – тек дәстүр емес, ол баланың тұлғасын қалыптастыратын мінез, мәдениет, рух. Оны жаңа әдіспен беру – тәрбиенің ең тиімді жолы».



«Аяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі



Бекіткен
«Аяна» ЖМДББМ директоры
Ж.Т. Рысбекова

«Арт-терапия технологиясын қолдану» практикум



Жауапты: педагог-психолог
М.М. Укасова

2025-2026 оқу жылы

«Арт-терапия технологиясын қолдану» тақырыбындағы практикум балалардың эмоционалдық күйін тұрақтандыруға, саусақ моторикасын дамытуға және шығармашылық еркіндігін арттыруға бағытталған.

Практикум жоспары: «Көңіл-күй аралына саяхат»

Мақсаты: Балалардың ішкі үрейін басу, өзіне деген сенімділігін арттыру және дәстүрден тыс сурет салу әдістері арқылы қиялын дамыту.

1. Кіріспе: «Менің көңіл-күйім» (Шаттық шеңбері)

Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін айтады.

- Сұрақ: «Балалар, бүгін сендердің көңіл-күйлерің қандай түске ұқсайды?» (Сары – қуаныш, көк – тыныштық және т.б.).

2. Негізгі бөлім: Арт-терапиялық жаттығулар

Ортанғы топ үшін ең тиімді үш әдісті қолдануды ұсынамын.

А) «Сикырлы жарма» (Құм терапиясының баламасы)

Егер арнайы құм болмаса, үй жағдайындағы манна немесе жүгері жармасын қолдануға болады.

- Қажетті құралдар: Жайпақ ыдыс (поднос), ашық түсті жарма.
- Орындалуы: Ыдысқа жарманы жұқа етіп жайып тастаңыз. Балаға саусағымен «жолдар», «күн», «шеңберлер» салуды көрсетіңіз.
- Терапиялық әсері: Баланың мазасыздығын басады, тыныштандырады. Қате жіберуден қорықпауға үйретеді (өйткені суретті бірден өшіріп, қайта салуға болады).

Б) «Музыкалық бояулар» (Изотерапия)

- Барысы: Классикалық немесе табиғат дыбыстары (құстар үні, су сылдыры) қойылады.
- Тапсырма: Музыканы тыңдай отырып, қағаз бетіне кез келген сызықтар мен түстерді түсіру. Мұнда «дұрыс» немесе «бұрыс» деген ұғым болмайды.

3. Психологиялық ойын: «Бұлттар»

Балаларға ақ мақта беріледі. Олар мақтаны созып, түрлі пішіндер (қоян, үй, бұлт) жасау арқылы агрессия мен ішкі кернеуден арылады.

Тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған жадынама

Әдіс атауы	Нәтиже үйретеді?	Қажетті құралдар
Кляксография	Қорқынышты жеңуге	Бояу, түтікше (трубочка)

Анықтама № 5

Ата-аналармен жұмыс: «Отбасы – балаға рухани-адамгершілік тәрбие беретін алғашқы мектеп»

Тобы: «Балбабею», «Күншуақ»

Қатысқан: ата-аналар

Мерзімі: Сәуір

2026 жылдың сәуір айында ересек және МАТ топтарының ата-аналарына арналған «Отбасы – балаға рухани-адамгершілік тәрбие беретін алғашқы мектеп» тақырыбында ата-аналармен жұмыс өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналарға бала тәрбиесіндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың маңызын түсіндіру және психологиялық қолдау көрсету.

Жұмыс барысында ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру, пікір алмасу ұйымдастырылды. Отбасындағы тәрбиенің бала дамуына әсері, ата-ананың балаға үлгі болуы, мейірімділік, сыйластық, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жолдары талқыланды. Сонымен қатар, балаға қолайлы психологиялық орта қалыптастыру жөнінде ұсыныстар берілді.

Ата-аналар іс-шараға белсенді қатысып, өз ойларымен бөлісті. Кері байланыс нәтижесінде отбасы тәрбиесінің бала тұлғасының қалыптасуындағы маңызды рөлі атап өтілді.

Қорытындысында отбасы мен балабақша арасындағы байланыс нығайып, ата-аналарға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетілді.

Педагог-психолог: М.М. Укасова

«Айяш» мектепке дейінгі білім беру мекемесі

Диагностика қорытындысы бойынша
Анықтама № 6

Сауалнама: Мектепке баруға баланыз дайын ба?

Тобы: «Күншұар» мектеп алды топ 5-6 жас

Қатысқан: мектепалды топ ата-аналары

Мерзімі: Сәуір

Мақсаты: Сауалнама барысында баланың мектепке дайындығы анықталады.

Диагностика талдамасы

№	Баланың аты-жөні	балл
1	Алтынбек Асмира	12-балл, орташа деңгейде
2	Әсетұлы Дінмұхаммед	15-балл, жоғары деңгейде
3	Ерболқызы Ботақоз	17-балл, жоғары деңгейде
4	Ержан Асанәлі	15-балл, жоғары деңгейде
5	Ерболатұлы Нұрасыл	13-балл, орташа деңгейде
6	Канат Хамза	11-балл, орташа деңгейде
7	Джамбасов Карим	11-балл, орташа деңгейде
8	Иманғалиева Зере	14-балл, орташа деңгейде
9	Нұртілек Нарұл	16-балл, жоғары деңгейде
10	Мәлік Айжұлдыз	12-балл, орташа деңгейде
11	Мұса Халиджа	16-балл, жоғары деңгейде
12	Рашидов Азиз	12-балл, орташа деңгейде
13	Оразиева Аянат	15-балл, жоғары деңгейде
14	Утеғалиева Аиша	16-балл, жоғары деңгейде
15	Сахипов Серікбол	8-балл, төмен деңгейде

Диагностика талдау (Нәтижелердің сипаттамасы)

Диаграмма (Санат бойынша, деңгей бойынша)



Қорытынды:

Көптеген ата-аналар балаларының әріптерді танытынын, санау дағдылары бар екенін, тапсырманы түсініп орындай алатынын және оқу әрекетіне қызығушылық танытатынын атап өтті. Сонымен қатар, балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдылары, тәртіп сақтауы және үлкендердің нұсқауын орындауы да мектепке дайындықтың маңызды көрсеткіші ретінде бағаланды.

Кейбір ата-аналар балаларында зейіннің тұрақсыздығы, ұялшақтық, тапсырманы соңына дейін орындамау сияқты қиындықтар бар екенін көрсетті. Бұл бағытта тәрбиеші мен ата-ананың бірлескен жұмысы қажет екені байқалды.

Ұсыныстар:

Тәрбиешіге:

Ата-анаға: диагностика бойынша балалардың жұмыстарын таныстыру.

Педагог – психолог: Укасова М.М.



Дәріс-кеңес тақырыбы:

**«Баланың балабақшаға бейімделуде тәрбиешінің
жұмысын ұйымдастыру ерекшелігі»**

Жауапты: педагог-психолог

Укасова М.М.

Баланың балабақшаға алғашқы қадам басуы — бұл тек сәби үшін емес, ата-ана мен тәрбиеші үшін де үлкен сынақ. Тәрбиеші — баланың жаңа ортадағы екінші анасы, бағыт берушісі және қорғаны.

Төменде баланың бейімделу (адаптация) кезеңінде тәрбиеші жұмысын ұйымдастырудың негізгі аспектілері бойынша дәріс-кеңес ұсынылған.

1. Бейімделу кезеңінің психологиялық маңызы

Бейімделу — бұл баланың үйреншікті отбасылық ортадан ұжымдық ортаға өту процесі. Бұл кезде баланың физиологиялық (ұйқы, тәбет) және психологиялық (мазасыздық, қорқыныш) жағдайы өзгереді.

Бейімделудің 3 деңгейі:

Женіл: 10-15 күнде бала ұжымға үйренеді.

Орташа: 1 айға дейін созылады, бала жиі ауыруы мүмкін.

Ауыр: 2-6 айға дейін созылады, кәсіби психологтың көмегін қажет етеді.

2. Тәрбиеші жұмысының негізгі кезеңдері

А) Дайындық кезеңі (Бала келгенге дейін)

Сауалнама жүргізу: Баланың мінез-құлқы, тамақтану әдеті, ұйқы режимі және «еркелетіп айтатын есімі» туралы ақпарат жинау.

Ортаны дайындау: Топ ішінде баланың назарын аударатын, жылулық сыйлайтын «тыныштық бұрышын» немесе ойын аймақтарын құру.

Ә) Алғашқы қадам кезеңі (Бала келген алғашқы күндер)

Кездесу рәсімі: Баланы күлімсіреп, жылы қарсы алу. Алғашқы күндері баланы 2-3 сағатқа ғана қалдыруды ұсыну.

Дене жанасуы (Тактильді байланыс): Баланы құшақтау, басынан сипау, қолынан ұстау — бұл қауіпсіздік сезімін тудырады.

Жеке көңіл бөлу: Бала өзін жалғыз сезінбеуі үшін тәрбиеші үнемі оның қасында болып, ойынға тартуы тиіс.

3. Тәрбиешінің практикалық әдіс-тәсілдері

Әдіс-тәсіл	Сипаттамасы
Ойын терапиясы	«Көжек анасын іздейді», «Сүйікті ойыншық» сияқты сюжеттік ойындар арқылы баланы алаңдату.
Ертегі терапиясы	Балабақшаға барып, достар тапқан кейіпкерлер туралы ертегілер айту.
Музыкалық үзілістер	Женіл, баяу әуендер баланың жүйке жүйесін тыныштандырады.
Элементарлы режим	Үйдегі режим мен балабақша режимін сәйкестендіруге жұмыс жасау.

4. Ата-аналармен жұмыс (Тәрбиешіге кеңес)

Тәрбиеші тек баламен емес, ата-анамен де тығыз байланыста болуы керек:

Сенім ұялату: ата-ана тәрбиешіге сенсе, бала да тез үйренеді.

Ақпарат беру: күн соңында баланың қалай тамақтанғанын, кіммен ойнағанын егжей-тегжейлі айтып беру.

Қоштасу рәсімі: ата-анаға баламен қалай дұрыс қоштасу керектігін үйрету (ұзаққа созбай, бірақ қашып кетпей).

5. Тәрбиешіге арналған алтын ережелер

Шыдамдылық: Бала жыласа, оған ашуланбай, себебін түсінуге тырысу.

Икемділік: Егер бала тамақ ішкісі келмесе, алғашқы күндері оны қонамау.

Жылулық: Әр баланың жүрегіне жол табатын жылы сөздерді аямау.

Қорытынды: Тәрбиешінің кәсіби шеберлігі мен мейірімділігі — баланың балабақшаны «екінші үйі» деп қабылдауының басты кепілі. Бейімделу кезеңі сәтті өтсе, баланың болашақтағы оқуға, ортаға деген ынтасы жоғары болады.